

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ
ОНГАРСЫНОВОЙ»
«ФАРИЗА ОҢАРСЫНОВА АТЫНДАҒЫ
№41 МЕКТЕП-ГИМНАЗИЯ» КММ



МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КГУ «ШКОЛА-ГИМНАЗИЯ №41
ИМЕНИ ФАРИЗЫ

ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА АКТӨБЕ»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

28.08.2021ж

№ 162 Н

«2021 – 2022 оқу жылының
басталуы» туралы

31.08.2021ж

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының 02.08.2021 жылғы №21-01/04-486/21-01-7.13 п.3.7 тапсырмасы, ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 27 шілдедегі «Орта білім беру ұйымдарында 2021 – 2022 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №368 бұйрығы негізінде және Ақтөбе қаласы білім басқармасының 2021 жылғы 9 тамыздағы №207 бұйрығын орындау 2021-2022 оқу жылын белгіленген талаптарға сәйкес ұйымдасқан түрде бастау, әрі «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабының 14 тармақшасына сай және 2021 жылғы 12 тамыздағы Ақтөбе қаласы білім бөлімінің №236 бұйрығын жүзеге асыру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Білім беру мекемесінің жана 2021-2022 оқу жылына дайындығы қамтамасыз етілсін.
2. Білім алушылар мен педагогтердің барлық қауіпсіздік шараларын сақтау бақылауға алынсын.
3. Білім алушылардың өткен оқу жылында қашықтықтан оқыту форматына байланысты жоғалтқан білімдерін толықтыруы (Learning Loss) бойынша шаралар қабылдансын.
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 27 шілдедегі №368 бұйрығы басшылыққа алынсын және ата-аналар назарына жеткізілсін.
5. 2021-2022 оқу жылының басталу мерзімі 2021 жылғы 1 қыркүйек болып белгіленсін.
6. Оқу жылының ұзақтығы мектепалды дайындық сыныптарында –32 оқу аптасы, 1-сыныптарда -33 оқу аптасы, 2-11(12)-сыныптарда -34 оқу аптасы. Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып, қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылады.

Оқу жылы барысындағы каникул кезеңдері:

- 1) 1-11(12)-сыныптарда: күзгі каникул-7 күн (2021 жылғы 1-7 қараша), қысқы -11 күн (2021 жылғы 30 желтоқсан-2022 жылғы 9 қаңтар аралығында), көктемгі-12 күн (2022 жылғы 19-30 наурыз аралығында);
 - 2) Мектеп алды даярлық сыныптары мен 1-сыныптарда: 7 күн мерзімде (2022 жылғы 7-13 ақпан аралығында) қосымша каникул белгіленеді.
7. Оқу жоспарланын әзірлеуде «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізге алынсын.

8. Оқу процесін ұйымдастыруда “2021 - 2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы” әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынсын.
9. Бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ақжанова Г.С жүктелсін

Фариза Оңғарсынова атындағы
№41 мектеп-гимназия директоры



Уразалина А.Д